

**"Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1264 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 842 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 2 қарашадағы № 318 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 2 қарашадағы № 57 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 қарашада № 17692 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1264 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 842 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12991 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 16 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, туристік операторға қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес, туристік агентке қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес, гидке (гид-аудармашыларға) қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес, экскурсоводқа қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес, туризм нұсқаушысына қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы."

осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес, көрсетілген бірлескен бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6-қосымшалары жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) қолданысқа енгізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шараладың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі*

*А. Мұхамедиұлы*

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі*

*Т. Сүлейменов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитеті

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт  
министрінің 2018 жылғы  
2 қарашадағы № 318 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 2 қарашадағы № 57  
бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің 2015 жылғы  
29 желтоқсандағы № 1264  
және Қазақстан Республикасы

## **Туристік қызмет саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Туризм саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 141-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидалары және тексеру парақтарының нысандарына сәйкес тексерулер жүргізу мақсатында бақылау субъекттерді (объекттерді) іріктеу үшін әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) елеулі бұзушылық – "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) белгіленген туристтер болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарына сапалы туристік қызмет алуға кедергі жасайтын талаптардың бұзушылығы;

2) елеулісіз бұзушылық – туристтер болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарына дұрыс ақпарат алуды шектейтін бұзушылық, сондай-ақ бақылау субъектілерге (объектілерге) құқығы бұзылған расталған шағымдардың және өтініштердің болуы;

3) өрескел бұзушылық – Заңда белгіленген турагенттің, гидтің (гид-аудармашының), экскурсоводтың және туризм нұсқаушының қызметінің басталғаны туралы хабарламаның жоқтығы, туристік оператордың және туристік агенттің азаматтық – құқықтық жауапкершілігінің міндетті сақтандырудың, туристік қызмет көрсету және туроператор қалыптастырған туристік өнімді іске асыру шарттарының жоқтығы, сонымен қатар туристтер болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарына саяхаттың ерекшеліктері туралы берілетін мәлімет бойынша растаудың бар болуы;

4) тәуекел – бақылау субъектінің (объектінің) қызметі нәтижесінде, оның салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне

байланысты және жекелеген бақылау субъектіге (объектіге) тікелей байланыссыз субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) туристік қызмет саласындағы бақылау субъектілер (бұдан әрі – бақылау субъектілері) – туристік операторлар (туроператорлар), туристік агенттер (турагенттер), гидтер (гид-аудармашылар), экскурсоводтар, туризм нұсқаушылары, туристер және олардың бірлестіктері, экскурсанттар, туристік қызмет саласындағы өзге де бірлестіктер, туристік қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекеттік органдар.

## **2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

3. Туристік қызмет саласындағы жоғары тәуекел дәрежесіне Қазақстан Республикасы азаматтарының өміріне және/немесе денсаулығына және бақылау субъектілердің (объектілердің) заңды мүдделіріне зиян келтіру ықтималдығы.

Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне туристік операторлар және туристік агенттер жатады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмағанға гидтер (гид-аудармашылар), экскурсоводтар және туризм нұсқаушылары жатады.

Жоспардан тыс тексерулер жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған және жатқызылмаған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты қолданылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу мақсатымен субъективті өлшемшарттар қолданылады.

## **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

4. Субъективті өлшемшарттарды айқындау:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;  
2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

5. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бұрынғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (бұзу ауырлығының дәрежесі (өрескел,

елеулі, елеусіз) туристік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді);

2) бақылау субъектінің (объектінің) кінәсі бойынша пайда болған оқиғалардың болуы;

3) бақылау субъектілерге (объектілерге) жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан түскен және расталған шағымдар мен өтініштерің болуы және саны;

4) Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің әкімшісі ұсынатын ақпарат пен мәліметтердің мониторингі.

6. Өлшемшарттардың 5-тармағында айқындалған ақпарат көздерінің негізінде осы Өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес туристік нарық субъектілері үшін тәуекел дәрежесінің субъективті өлшемшарттар айқындалады.

"Бұрынғы тексеру нәтижелері" ақпарат көзі бойынша Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары талаптарының мынадай ауырлық дәрежелеріне бөлінеді: өрескел, елеулі және елеусіз.

Бір бұзушылық болған кезде субъектіге тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңетіріледі және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел дәрежедегі талаптардың бұзылуы анықталмаған кезде, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеусіз дәрежелерінің жиынтық көрсеткіштері есептеледі.

Елеулі дәрежедегі бұзушылықтың көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7 \text{ мұндағы:}$$

$SP_3$  – елеулі дәрежедегі бұзушылық көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – елеулі дәрежедегі талаптардың бұзушылықтарсаны.

Елеусіз дәрежедегі бұзушылықтың көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3 \text{ мұндағы:}$$

$SP_H$  – елеулі емес дәрежедегі бұзушылық көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі емес бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – елеулі емес дәрежедегі талаптардың бұзушылықтарсаны.

Тәуекел дәрежедегі жалпы көрсеткіші (SP) 0 ден 100 дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және көрсеткіштерді мына формула бойынша жиынтықтау арқылы анықталады:

$SP = SP_3 + SP_H$  мұндағы:

$SP$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_3$  – елеулі дәрежедегі бұзушылық көрсеткіші;

$SP_H$  – елеусіз дәрежедегі бұзушылық көрсеткіші;

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектілерге (объектілерге) мыналар жатады:

1) жоғарғы тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесі 60 тан 100 дейінгі көрсеткіш кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған – тәуекел дәрежесі 0 дан 60 дейінгі көрсеткіш кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

#### 4-тарау. Қорытынды ережелер

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына ең көбі бір реттен аспайды.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Тәуекелдер дәрежесін тандау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектіге (объектіге) қатысты бұрын есептелген және пайдаланған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Туристік қызмет саласындағы  
тәуекел дәрежелерін бағалау  
өлшемшарттарына қосымша

Туристік қызмет субъектілері үшін тәуекел дәрежесінің субъективтік өлшемшарттары

р/ с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежелері
Туристік оператор үшін		

1. Алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық

бақылаудың нәтижелері (бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) туристік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағанда белгіленеді)

1	Туристік операторлық қызметке лицензияның болуы	өрескел
2	Туристік қызмет көрсетуге жасалған жазбаша шарттың бар болуы	өрескел
3	Қалыптасқан туристік өнімнің бар болуы	елеулі
4	Туристік өнімді өткізуге агенттік шарттың болуы	өрескел
5	Туристік білімі бар, жұмыс өтілі бір жылдан кем емес, бір адамнан кем емес жұмыскердің бар болуы	елеулі
6	Меншік құқығы бар немесе өзге заңды негізде кеңсе үшін үй – жайдың бар болуы	елеулі
7	Туристерге елге (орынға) келу, кету, уақытша болу қағидалар туралы заңнамасы туралы, жергілікті халықтың дәстүрлері туралы, діни салттары, киелі жерлері, ерекше қорғауға алынған табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштері және ерекше қорғауда тұрған, басқа туристік көрсету объектілерді қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат барысында оларға кездесетін және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыра алатын қауіптер туралы саяхат ерекшеліктері туралы, қажетті және дұрыс ақпарат туралы жазбаша растаудың болуы ( туристік жадынама)	өрескел
8	Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісіне шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін ұсына отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің не Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің әкімшісі айқындаған үшінші тұлғаның пайдасына банк кепілдігімен қамтамасыз етілген ақшаны төлеуді көздейтін, Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банкпен банктік кепілдік жасасқан шартының болуы	өрескел
9	Арнайы шотқа туроператор немесе туроператор-әуе кемесімен жалданушы қалыптастырған және турагент Қазақстан Республикасының азаматына өткізген әрбір туристік өнімнен 0,5 айлық есептік көрсеткіш сомада ақшаны аударғандығын куәландыратын, төлем құжатының болуы	өрескел
2. Бақылау субъектінің (объектінің) кінәсі бойынша пайда болған оқиғалардың болуы		
1	Мемлекеттік органдардан түскен Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу туралы расталған ақпараттың болуы	өрескел
3. Бақылау субъектілерге жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан түскен және расталған шағымдар мен өтініштерің болуы және саны		
1	Құқығы бұзылған жеке және заңды тұлғалардан түскен расталған шағымдардың және өтініштердің болуы	елеулі
4. Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің әкімшісі ұсынатын ақпарат пен мәліметтердің мониторингі		
1	Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісіне шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін ұсына отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің не Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің әкімшісі айқындаған үшінші тұлғаның пайдасына банк кепілдігімен қамтамасыз етілген ақшаны төлеуді көздейтін, Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банкпен банктік кепілдік жасасқан шартының болмауы туралы ақпараттың болуы	өрескел
	Арнайы шотқа туроператор немесе туроператор-әуе кемесімен жалданушы қалыптастырған және турагент Қазақстан Республикасының азаматына өткізген әрбір	



2	туристік өнімнен 0,5 айлық есептік көрсеткіш сомада ақшаны аударылмау туралы ақпараттың болуы	өрескел
Туристік агент үшін		
1. Алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) туристік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағанда белгіленеді)		
1	Туристік агенттің қызметін жүзеге асыруды бастау туралы хабарламаның болуы	өрескел
2	Туристік қызмет көрсетуге жасалған жазбаша шарттың бар болуы	өрескел
3	Туристік өнімді өткізуге агенттік шарттың болуы	өрескел
4	Туристерге елге (орынға) келу, кету, уақытша болу қағидалар туралы заңнамасы туралы, жергілікті халықтың дәстүрлері туралы, діни салттары, киелі жерлері, ерекше қорғауға алынған табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштері және ерекше қорғауда тұрған, басқа туристік көрсету объектілерді қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат барысында оларға кездесетін және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыра алатын қауіптер туралы саяхат ерекшеліктері туралы, қажетті және дұрыс ақпарат туралы жазбаша растаудың болуы ( туристік жадынама)	өрескел
2. Бақылау субъектінің (объектінің) кінәсі бойынша пайда болған оқиғалардың болуы		
1	Мемлекеттік органдардан түскен Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу туралы расталған ақпараттың болуы	өрескел
3. Бақылау субъектілге жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан түскен және расталған шағымдар мен өтініштерің болуы және саны		
1	Құқығы бұзылған жеке және заңды тұлғалардан түскен расталған шағымдардың және өтініштердің болуы	елеулі

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт  
министрінің 2018 жылғы  
2 қарашадағы № 318 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 2 қарашадағы  
№ 57 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің 2015 жылғы  
29 желтоқсандағы № 1264  
және Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
м.а. 2015 жылғы  
31 желтоқсандағы № 842  
бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

## Туристік операторға қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_  
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық  
бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (Жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Туристтік операторлық қызметке лицензияның болуы				
2	Туристтік қызмет көрсетуге жасалған жазбаша шартының болуы				
3	Қалыптастырған туристік өнімнің болуы				
4	Туристтік өнімді өткізуге арналған агенттік шартының болуы				
5	Еңбек өтілі бір жылдан кем емес, туристік білімі бар, кемінде бір қызметкердің болуы				
6	Жеке меншік құқығындағы немесе өзгеде заңды негіздегі кеңсеге арналған үй-жайдың болуы				
7	Туристерге уақытша болатын елге (жерге) бару, шығу және сонда болу қағидалары туралы, заңнама туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрып, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың ерекшеліктері туралы мәліметтерді уақтылы бергені және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру туралы жазбаша растаудың болуы (туристік жадынама)				
8	Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісіне шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін ұсына отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің не Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің әкімшісі айқындаған үшінші тұлғаның пайдасына банк кепілдігімен қамтамасыз етілген ақшаны төлеуді көздейтін, Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банкпен банктік кепілдік жасасқан шартының болуы				
9	Арнайы шотқа туроператор немесе туроператор-әуе кемесімен жалданушы қалыптастырған және турагент Қазақстан Республикасының азаматына өткізген әрбір				

туристік өнімнен 0,5 айлық есептік көрсеткіш сомада ақшаны аударғандығын куәландыратын, төлем құжатының болуы				
---	--	--	--	--

Лауазымдық тұлға (лар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты ( бар болған жағдайда)

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт  
министрінің 2018 жылғы  
2 қарашадағы № 318 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 2 қарашадағы  
№ 57 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің 2015 жылғы  
29 желтоқсандағы № 1264  
және Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
м.а. 2015 жылғы  
31 желтоқсандағы № 842  
бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

**Туристік агентке қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (Жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді

1	2	3	4	5	6
1	Туристік агенттік қызметтің басталғаны туралы хабарламаның болуы				
2	Туристік қызмет көрсетуге жасалған жазбаша шартының болуы				
3	Туристік өнімді өткізуге арналған агенттік шарттың болуы				
4	Туристерге уақытша болатын елге (жерге) бару, шығу және сонда болу қағидалары ережелері туралы, заңнамасы туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрпы, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың ерекшеліктері туралы мәліметтерді уақтылы бергені және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру туралы жазбаша растаудың болуы(туристік жадынама)				

Лауазымдық тұлға (лар) \_\_\_\_\_

— (лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_

— (лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт  
министрінің 2018 жылғы  
2 қарашадағы № 318 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 2 қарашадағы  
№ 57 бірлескен бұйрығына  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің 2015 жылғы  
29 желтоқсандағы № 1264  
және Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
м.а. 2015 жылғы  
31 желтоқсандағы № 842  
бірлескен бұйрығына  
4-қосымша

**Гидке (гид-аудармашыға) қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_  
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (Жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Гид (гид-аудармашы) қызметінің басталғаны туралы хабарламаның болуы				
2	Қазақстан Республикасы азаматтығының, сондай-ақ туризм саласындағы даярлықтан өткені туралы сертификаттың болуы				
3	Туристерге уақытша болатын елге (жерге) бару, шығу және сонда болу қағидалары ережелері туралы, заңнамасы туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрпы, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың ерекшеліктері туралы мәліметтерді уақтылы бергені және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру туралы жазбаша растаудың болуы(туристік жадынама)				

Лауазымдық тұлға (лар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)) \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)) \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт  
министрінің 2018 жылғы  
2 қарашадағы № 318 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы 2 қарашадағы  
№ 57 бірлескен бұйрығына  
5-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің 2015 жылғы  
29 желтоқсандағы № 1264  
және Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
м.а. 2015 жылғы  
31 желтоқсандағы № 842  
бірлескен бұйрығына  
5-қосымша

## Экскурсоводқа қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_  
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық  
бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
(№, күні)  
Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (Жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-  
сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_  
Орналасқан жерінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Экскурсовод қызметінің басталғаны туралы хабарламаның болуы				
2	Қазақстан Республикасының азаматтығының, туризм саласында даярлықтан өткені туралы сертификаттың болуы				
3	Туристерге уақытша болатын елге (жерге) бару, шығу және сонда болу қағидалары ережелері туралы, заңнамасы туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрпы, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың ерекшеліктері туралы мәліметтерді уақтылы бергені және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру туралы жазбаша растаудың болуы(туристік жадынама)				

Лауазымдық тұлға (лар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

---

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_

---

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт  
министрінің 2018 жылғы  
2 қарашадағы № 318 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 2 қарашадағы  
№ 57 бірлескен бұйрығына  
6-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің 2015 жылғы  
29 желтоқсандағы № 1264  
және Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
м.а. 2015 жылғы  
31 желтоқсандағы № 842  
бірлескен бұйрығына  
6-қосымша

## **Туризм нұсқаушысына қатысты туристік қызмет саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық  
бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

---

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (Жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-  
сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан жерінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

---

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Туризм нұсқаушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаның болуы				
2	Қазақстан Республикасы азаматтығының, сондай-ақ туризм саласында даярлықтан өткені туралы сертификаттың болуы				

<p>3 Туристерге уақытша болатын елге (жерге) бару, шығу және сонда болу қағидалары ережелері туралы, заңнамасы туралы, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы, діни әдет-ғұрпы, қасиетті орындар, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштер және туристерге көрсетілетін, ерекше қорғаудағы басқа да объектілер, қоршаған ортаның жай-күйі туралы, сондай-ақ саяхат жасаған кезде тап болуы мүмкін қауіптер туралы қажетті және дұрыс ақпаратты қамтитын саяхаттың ерекшеліктері туралы мәліметтерді уақтылы бергені және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру туралы жазбаша растаудың болуы(туристік жадынама)</p>				
---	--	--	--	--

Лауазымдық тұлға (лар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)